

ТЕРЕЗЕМІЗ ТЕҢ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Біз – тәуелсіз елдің ұрпағын тәрбиелеп келе жатқан алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының біріміз. Жас ұрпақтың сана сезімін, қоғамдық саяси ой-өрісін дамыту, олардың ойлау, сөйлеу қабілетін шыңдау, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, олардың бойына табиғаттың, ұлттық мәдениеттің құндылықтарын сіңіру – міндеттеріміздің бірі. Қазіргі таңда білімді ұрпақ тәрбиелеу аса маңызды. Себебі, батыс елдерімен тереземізді тең еткіміз келсе, әлемдегі барлық ақпаратты меңгеру үшін білімді ұрпақ тәрбиелеу қажет.

Отыз жылдан бері білім жүйесіне енгізілген жаңа жүйелерді болашаққа салынып жатқан даңғыл жол деп қарастыруға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер ететін бір ғана нәрсе – ол білімінің дамуы.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайды көтеретін және

оны дамытатын салалардың бірі – химия өндірісі. Химия өндірістеріне мұнай, көмір, уран, минералды тұздар мен қышқылдар, тыңайтқыштар, металлургия, цемент және т.б. салаларды жатқызуға болады. Тарихқа үңілсек, университетіміз химия өндірісімен тығыз байланысты екенін байқаймыз. Университетте ең алғаш дайындалған мамандықтардың бірі «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» саналады. Бұл маман иелері кезіндегі ЦПО «Фосфор», қазіргі «Қазфосфат» ЖШС, «ҚазАзот» АҚ өндірісінде қызмет атқарған, әлі де жұмыс істеуде. Бұл мамандық химияның барлық түрлерімен, атап айтқанда, жалпы химия, бейорганикалық химия, органикалық химия, физикалық және аналитикалық химия салаларымен өте тығыз байланыста.

Қазіргі таңда көп салалы, жұмыс көзі бар химия бағыттары бойынша келесі білім беру бағдарламаларын атап өтуге болады: 6В05 – «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» білім беру саласының 6В053 – Физикалық және химиялық ғылымдар даярлау бағытына енетін «Ғылыми химия»,

«Химиялық, криминалистикалық және экологиялық сараптау», «Химиялық инженериядағы заттар мен материалдарды сараптау», сондай-ақ, «Химиялық инженерия мен процестер» даярлау бағытына жататын «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», «Электрхимиялық өндірістер технологиясы» білім беру бағдарламалары. Бұл білім беру бағдарламаларын бітірген жас мамандар, мысалы, «Қазатмпром» компаниясы, «Қазфосфат» ЖШС, «ҚазАзот» АҚ, «Қазмырыш», «Қазақмыс» АҚ және т.б. химия өндірістерінде зертханашы, инженер-технолог, шебер, бөлім басшылары және т.б. бөлімдерінде жұмыс атқара алады.

Мұнай – Қазақстан экономикасының маңызды саланың бірі. Дегенмен, мұнайдан басқа кен орындары да баршылық. Елімізде Д.И. Менделеев кестесіндегі барлық элементтер кездесетіні мәлім. Сондықтан, химия өндірісінің дамуына атсалысатын, химия ғылымын дамытатын жас мамандар қажет. Осы мақсатта жастарды жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларын таңдауға шақырамыз.

А.ҚАДІРБАЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Химия және
химиялық технология
негіздері» кафедрасының
профессоры, т.ғ.к.,
С.ЕРМЕКОВ,
PhD докторы,
аға оқытушы